

Шағын және орта бизнес, сауда мен қызмет көрсету жөніндегі комиссия туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 18 шілдедегі N 441 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 тамызда N 1353 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 19 наурыздағы N 230 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2008.03.19 N 230 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7-тамыздағы N 883 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" және Шығыс Қазақстан облысы Әкімшіятының 2003 жылғы 2-маусымдағы N 83 "Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет мәселелері жөніндегі комиссия туралы" қаулыларын жүзеге асыру үшін аудан аумағында кәсіпкерлікті әрі қарай дамыту мен қолдау және мемлекеттік сауда саясатын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабындағы 1-тармағының 3), 4)-тармақшалары негізінде Зайсан ауданының әкімшіяты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7-тамыздағы N 883 және Шығыс Қазақстан облысы Әкімшіятының 2003 жылғы 2-маусымдағы N 83 қаулылары басшылыққа алынсын.

2. Зайсан ауданы әкімшіятының жанындағы шағын және орта бизнес пен сауда және қызмет көрсету жөніндегі аудандық комиссия N 1 қосымшаға сәйкес құрылсын (бұдан әрі - Комиссия).

3. Комиссия туралы ЕРЕЖЕ N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Комиссияға бекітілген ЕРЕЖЕГЕ сәйкес жұмыс атқару міндеттелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. Қинашевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімінің міндетін

атқарушы, әкімнің орынбасары

Зайсан ауданы әкімшіятының
2003 жылғы 18 шілдедегі N 441
қаулысына N 1 қосымша

Шағын және орта бизнес пен сауда және қызмет көрсету жөніндегі аудандық комиссия құрамы

Қинашев Болат Қинашұлы	комиссия төрағасы, әкімінің орынбасары	аудан
Комиссия мүшелері:		
Меңбаев Майдан Қинаятолдаұлы	экономика меңгерушісі	бөлімінің
Ақтекенов Оразкен Қанағатұлы	аудан бойынша комитетінің төрағасы	салық
Жалелхан Сырым Жалелханұлы	экономика бөлімінің маманы	жетекші
Уәли Марат Қалиасқарұлы	ауылшаруашылық өңдеп-ұқсату меңгерушісі	және бөлімінің
Биқадамов Базарбек Айдарбекұлы	статистика бөлімінің бастығы	
Қоқанова Айгүл Рыспекқызы	аудандық эпидемиялық мемлекеттік бастығы	санитарлық-басқармасы мекемесінің

А у д а н ә к і м і н і ң

аппарат басшысы

Зайсан ауданының әкімиятының
2003 жылғы 18 шілдедегі N 441
қаулысына N 2 қосымша

Зайсан ауданы әкімиятының жанындағы Шағын және орта бизнес пен сауда және қызмет көрсету жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы жағдай

1. Зайсан ауданы әкімиятының жанындағы Шағын және орта бизнес пен сауда және қызмет көрсету жөніндегі комиссия (бұдан әрі-Комиссия) консультативтік-кеңестік орган болып табылады және Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдау және әрі қарай дамыту концепциясын, сауда саясатын іске асыру мақсатында құрылған.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7-тамыздағы N 883 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" және Шығыс Қазақстан облысы Әкімиятының 2003 жылғы 2-ші маусымдағы N 83 "Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет мәселелері жөніндегі комиссия туралы" қаулыларының

3. Комиссия өзінің іс әрекетінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңын жүзеге асыру шараларын жүргізуге әрекеттесу;

2) жергілікті мемлекеттік органдарға кәсіпкерлердің салық төлеудегі ауыртпалығын азайтуға ұсыныстар енгізуге қатысу;

3) меншіктер мен активтерді заңдастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

4) несие ресурстарын алу жолдарын жеңілдету шараларын жүргізуге ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

5) әкімшілік рәсімдер мен рұқсат етуді жеңілдету жөніндегі мәселелері бойынша ұсыныстар дайындауға қатысу;

6) шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі аймақтық орталықтарын ұйымдастыру туралы ұсыныстар жасауға қатысу;

7) ауылдағы шағын және орта бизнесті, сауда және қызмет көрсетуді дамытуға ұсыныстар дайындау;

8) аудан әкімиятының шағын және орта бизнес, сауда мен қызмет көрсету мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

9) кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының ізгілікті бастамаларын қолдау, азаматтардың әл-аухатын арттыру мен экономикалық дамыған мемлекет құруға әр кәсіпкердің өмірдегі белсенділігін арттыруды оң көзқарасын қалыптастыруды насихаттау;

10) аудан әкімиятының кәсіпкерлікпен шұғылдануға байланысты мәселелері жөніндегі қаулылары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын өз бастамаларымен даярлау;

11) шағын және орта бизнесті, сауда мен қызмет көрсетуді қолдау мен қорғау жөніндегі жобалар мен мақсатты бағдарламаларды іске асыру, үйлестіру мен даярлауға қатысу;

12) ауылдар мен қала әкімдерінің шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі іс-шараларын үйлестіру болып табылады.

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Комиссияның іс-әрекеті:

1) шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі аймақтық және салалық бағдарламаларды жүзеге асыру мен үйлестіруін қамтамасыз етуіне, даярлануына қатысу;

2) маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған

бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, оларды жүзеге асыруда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, бірлестіктері мен қауымдастықтарын қатыстыруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) шағын және орта бизнес, сауда мен қызмет көрсету жұмыстарының мүдделеріне қатысты заңнамада белгіленген тәртіптерге сәйкес нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын өз бастамаларымен әзірлеуді жүзеге асыру;

4) заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес аудан әкімі мен әкімиятының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын даярлауға шағын және орта бизнес өкілдерін тарту және кәсіпкерлер қауымдастықтарына, шағын және орта бизнес бірлестіктері мен кәсіпорындарына ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық көмек көрсету жөнінде шараларды әзірлеу;

5) аудан әкімінің, әкімиятының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын даярлауда заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес кәсіпкерлердің пікірлерін е с е п к е а л у ;

6) шағын және орта бизнестің салалық, кәсіби және аумақтық одақтарымен, қауымдастықтарымен, бірлестіктерімен және басқа да кәсіпкерлік құрылымдарымен өзара қарым-қатынас жасау;

7) шағын және орта бизнеске, сауда мен қызмет көрсетуге қолдау жасайтын мемлекеттік органдармен, шағын және орта бизнес, сауда мен қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру мен келісімді шешімдер даярлауда үнемі өзара қарым-қатынас жасау;

8) тиісті мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерінің, сондай-ақ кәсіпкерлердің өздерінің қатысуымен тақырыпты о т ы р ы с т а р ө т к і з у ;

9) заңнамада белгіленген тәртіптерге сәйкес кәсіпкерлердің заңды құқықтарын қорғау және мүдделеріне өкілдік ету;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссияда жұмыс істеуге беделді кәсіпкерлер, басқару органдарының өкілдері мен басқа да мамандар қатарынан эксперт және кеңесшілерді тарту;

11) белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан қажетті ақпараттық, талдаулық, анықтама-статистикалық құжаттар жиынтығын, сондай-ақ ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді алу болып табылады.

3. Комиссияның жұмыс атқаруын ұйымдастыру

6. Комиссияны оның төрағасы-Зайсан ауданы әкімінің орынбасары басқарады

7. Комиссия құрамына мемлекеттік органдардан мемлекеттік органның бірінші басшысы деңгейіндегі мәртебесі бар өкілдері енгізіледі.

8. Комиссия жұмыс органының функциялары аудандық экономика бөліміндегі шағын және орта бизнес жөніндегі бас маманға жүктеледі.

9. Комиссияның жұмыс органы:

- 1) Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын бақылап қамтамасыз етеді;
- 3) Комиссия мүшелері мен оның жұмысына тартылған мамандардың жұмыстарын үйлестіреді.

10. Комиссия отырысында қарастырылатын мәселелер тізбесі қажеттілігіне байланысты құрастырылып төрағаның қолымен бекітіледі және ол тізім бойынша мүшелеріне таратылады.

11. Комиссия отырысында қаралған мәселелер бойынша хаттама жасалып, оған Комиссия төрағасы қолын қояды. Комиссия шешімі Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің дауыс беру жағдайында қабылданады. Егер берілген дауыстар қарама-қарсы тең болған жағдайда төраға дауысын берген шешім қабылданады.

12. Комиссия шешімдері ұсыныс беру сипатында болады.

13. Комиссия мүшелері ерекше пікірлерін айтуға құқылы, ол айтылған жағдайда жазба түрінде мазмұндалып Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі қажет.

14. Комиссия отырыстары қажеттілігіне байланысты тоқсан сайын кемінде 1 рет өткізіледі және төрағамен шақырылады. Егер шұғыл шешім қабылдау қажеттілігі туындаса Комиссияның жоспардан тыс отырысы өткізілуі мүмкін, ол төрағаның шақыруымен өткізіледі.

15. Комиссия отырысында төрағаның шақыруы бойынша өтініштері қаралатын кәсіпкерлер мен олардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері, мүдделі мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ басшылары қатыса алады.

А у д а н ә к і м і н і ң

аппарат басшысы